

### 13.3 Теориялық сұрақтар

1. Егер  $F(p)$  функциясы Лоран қатары ретінде жазылса, онда функцияның  $F(p)$  кескінінің түпнұсқасы болуы туралы теорема.
2. Егер  $F(p) = \frac{A(p)}{B(p)}$  - бөлшегі  $B(p)$  бөлімі тек  $p_1, p_2, \dots, p_n$  жай түбірлерге (нөлдері) ие болатын дұрыс рационал бөлшек болса, онда  $F(p)$  кескінінің түпнұсқасын қалай есептейміз.
3. Егер  $F(p) = \frac{A(p)}{B(p)}$  дұрыс бөлшек, бірақ  $B(p)$  бөлімінің  $p_1, p_2, \dots, p_n$  түбірлері (нөлдері) сәйкесінше  $m_1, m_2, \dots, m_n$  еселі болса, онда  $F(p)$  кескінінің түпнұсқасы қандай формуламен есептеледі?
4. Егер  $F(p) = \frac{A(p)}{B(p)}$  кескіні  $p$  айнымалысының бөлшек-рационал функциясы және  $p_1, p_2, \dots, p_n$  - осы функцияның жай немесе жоғарғы ретті полюстері болса, онда  $F(p)$  кескініне сәйкес  $f(t)$  түпнұсқасы қай формуламен анықталады?
5. Кескіні бойынша түпнұсқаны анықтау әдісі қалай аталады? Формуласын жазыңыз.
6. Белгілі шарттар орынды болғанда түпнұсқаны анықтау формуласын жазыңыз.
7. Іс жүзінде түпнұсқа-функциясын анықтау қандай жоспар бойынша жүргізіледі?

### 13.4 Аудиториялық тапсырмалар

**№1.**  $F(p) = \frac{1}{p} \cdot \sin \frac{1}{p}$  және  $F(p) = \frac{p}{p^2 + 1}$  кескіндері берілген. Сәйкес түпнұсқаларды табыңыз.

**№2.** Түпнұсқаны оның  $F(p) = \frac{p-3}{p^2+4}$  кескіні бойынша табыңыз.

**№3.** Түпнұсқаны оның  $F(p) = \frac{1}{p^3(p-1)}$  кескіні бойынша табыңыз.